

## **1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұзарту туралы Хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 4-II

Мәскеуде 1999 жылғы 2 сәуірде жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұзарту туралы Хаттама бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Ресми аударма емес

## **1992 жылдың 15 мамырындағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты ұзарту туралы Хаттама**

*(2000 жылғы 22 наурызда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

1992 жылдың 15 мамырында Ташкентте қол қойылған және 1994 жылдың 20 сәуірінде күшіне енген Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) қ а т ы с у ш ы - м е м л е к е т т е р ,

Шарттың 11 бабында айқындалған оның қолданылу мерзімі 1999 жылдың 20 сәуірінде бітетінін ескере отырып,

Шарт шеңберіндегі ынтымақтастықты жалғастыруға және оның күшінің толассыздығын қамтамасыз етуге деген ұмтылысқа сүйене отырып, төмендегілерге келісті:

1. Шарттың күші бес жылға ұзартылады.

2. Бұдан әрі Шарттың күші оның он бір бабының екінші бөліміндегі ережелерге нұқсан келтірмей келесі бес жылдық мерзімдерге өздігінен ұзартылады.

3. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы хаттама 1999 жылдың 21 сәуірінен бастап Шарттың күшін ұзартады және депозитші орган қол қойған мемлекеттердің процедураларды орындағаны туралы бесінші жазбаша хабарландыру алғаннан кейін күшіне енеді. Мұндай процедураларды орындаған мемлекеттер үшін осы Хаттама депозитші тиісті жазбаша хабарландыру алған уақыттан бастап күшіне е н е д і .

1999 жылдың 2 сәуірінде Мәскеу қаласында орыс тілінде түпнұсқалық бір данада жасалды. Түпнұсқалық дана осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттерге оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің Секретариатында сақталады.

*Әзірбайжан Республикасы үшін                      Қазақстан Республикасы үшін*

*Армения Республикасы үшін                      Ресей Федерациясы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін      Тәжікстан Республикасы үшін*  
*Грузия үшін                              Өзбекстан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК